

«Тірек мектеп-ресурстық орталықтың» күзгі оқу сессиясы өтті

Сессия бағдарламасының басты мақсаты: базалық пәндер бойынша түйіндік тақырыптарды тереңдете қарастыру және сыныптан тыс жұмыс түрлерін ұйымдастыру.

Міндеттері: әрбір оқу сабақтарын оқушының танымдық іс-әрекетін белсендіретін алуан түрлі әдіс-тәсілдермен ерекшелендіру.

Аталған оқу сессиясы онлайн режимде өтіп, оған ресурстық орталыққа қарасты магниттік мектептердің (Қараторғай НОМ, Б.Майлин атындағы НОМ, Қайыңды НОМ, Сарыөзен ЖББМ) 9-10 сынып оқушылары қатысты.

Сессия барысында қазақ, орыс, ағылшын тілдері мен математика пәндері бойынша қызықты, сайыс сабақтар өткізіліп, «Мамандықтың бәрі жақсы» тақырыбында сыныптан тыс іс-шара ұйымдастырылды.

